1.8. Кредиттік серіктестігінің қызметі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен, «Кредиттік серіктестіктері туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен реттеледі.

1.9. Кредиттік серіктестігінің қызмет уақыты шектеусіз.

2-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары болып Кредиттік серіктестік пен тәуелсіз тіркеуші арасында жасалаған шартқа сәйкес тәуелсіз тіркеушімен үнемі бір қалыпта ұстайтын Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының тізіліміне қосылға Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары табылады.

2.2. Қазақстан Республикасының өзге жеке және заңды тұлғалары, басқа мемлекеттің және азаматтығы жоқ адамдар осы жарғыда және құрылтай шартында, қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен Кредиттік серіктестік қатысушысы бола алады.

2.3. Кредиттік серіктестік қатысушыларының тізілімін Кредиттік серіктестіктің шарты бойынша құнды қағаздарды ұстаушылардың тәуелсіз тіркеушісі жүргізеді. Кредиттік серіктестік қатысушыларының тізімі тиісті күнге берілген Кредиттік серіктестік қатысушылары тізілімінің деректеріне сәйкес белгіленеді. Кредиттік серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуді Қазақстан Республикасы белгілеген заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың тізілімдер жүйесін жүргізу бойынша қызметтерді жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензиясы бар тіркеуші жүзеге асырады. Кредиттік серіктестік қатысушыларының тізілімінен жасалған, үзінді көшірмесі Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталында үлесіне құқықтарын растайтын құжат болып табылады.

Қатысушылардың Кредиттік серіктестіктің шығуын, сондай-ақ Кредиттік серіктестікке жаңа қатысушылардың қабылдануын Кредиттік серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуші - құнды қағаздарды ұстаушылардың тәуелсіз тіркеушісі Кредиттік серіктестік қатысушыларының тізіліміне тиісті жазу енгізу арқылы ресімдейді.

2.4. Барлық қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестері және тиісінше олардың Кредиттік серіктестік мүлкінің құнындағы үлестері, олардың жарғылық капиталындағы салымдарына бара-бар болады. Қатысушылардың тым болмағанда біреуінің жарғылық капиталдағы үлесінің қандай да бір өзгеруі Кредиттік серіктестікке қатысушылардың барлығының үлестерінің мөлшерін тиісті түрде қайта есептеуге әкеп соғады.

2.5. Кез келген негіз бойынша үлеске деген құқықтан айрылу қатысушының Кредиттік серіктестіктен шығуына әкеп соғады. Қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен үлес сатып алу үлесті сатып алушының Кредиттік серіктестік қатысушыларының құрамына кіргендігін білдіреді.

2.6. Кредиттік серіктестіктің мүлкіндегі қатысушы үлесіне құқық заттық емес, міндеттемелік сипатта болады.

2.7. Қатысушының Кредиттік серіктестік мүлкіндегі үлесі салым төленіп қойылған бөлігіне ғана салым толық төленге дейін иеліктен алынуы немесе кепілге берілуі мүмкін.

2.8. Қатысушы өз қалауы бойынша сол Кредиттік серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушысына Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлесін немесе оның бөлігін иеліктен айыруға немесе кепілге беруге құқылы. Бұл мәмілелерді жасауға Кредиттік серіктестіктің немесе басқа қатысушылардың келісімі талап етілмейді.

2.9. Қатысушының Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесін немесе оның бір бөлігін иеліктен айыру немесе үшінші жаққа кепілдікке беруі «Кредиттік серіктестіктер туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңында және Кредиттік серіктестік жарғысында анықталған шарттарды қатаң сақтаған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін.

2.10. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары қатысушылардың бірі үлесін сатқан кезде оны немесе оның бір бөлігін сатып алуда үшінші жақтың алдында артықшылық құқықты пайдаланады. Артықшылық құқықты пайдалану қолданылып жүрген заңнамаға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Жарғылық капиталдағы үлесті үшінші тұлғаға сыйға берген жағдайда осы тармақтың заңды күші жойылады.

2.11. Үлесті сату кезінде сатушыдан тәуелсіз жағдайлар болғанда осы жарғының 2.9 тармағында баяндалған тиым салуды немесе шектеулерді сақтай отырып жасала алмайтын жағдайда, өз үлесін немесе оның бір бөлігін үшінші жаққа сатқысы келген қатысушы Кредиттік серіктестіктен осы үлесті сатып алу немесе оны үшінші жаққа сатуға рұқсат етуін талап етуге құқылы. Осы нұсқалардың бірін қатысушылардың жиналысы таңдап алады.

2.12. Үлесті Кредиттік серіктестіктің өзі сатып алғанда үлес бағасы тараптардың келісімімен, ал келісімге келмеген жағдайда-сот арқылы анықталады.

2.13. Кредиттік серіктестіктің үлесті үшінші жаққа сатуға келісімі кезінде Кредиттік серіктестік қатысушылары осы жарғының 2.10 тармағында қаралған үлесті сатып алудағы артықшылық құқықты сақтап қалады.

2.14. Кредиттік серіктестік қатысушы үлесін сатып алған соң, басқа қатысушыларға жиналыстың шешімімен белгіленген баға бойынша осы үлесті сатып алуды ұсынуға міндетті. Аталған үлесті өткізу, қолданылып жүрген заңнамада анықталған тәртіпте жүзеге асырылады. Үлесті қатысушылар сатып алғысы келмеген жағдайда үлес жарғылық капиталды тиісінше азайту және Кредиттік серіктестік қатысушыларының жарғылық капиталындағы үлестерін қайта есептеу арқылы өтеледі.

Үлестің Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының өзінде бөлу кезеңінде қатысушылардың жиналысындағы дауыс беру және дивидендтерді аудару осы үлесті есептеместен жүргізіледі.

2.15. Кредиттік серіктестікке қатысушы Қазақстан Республикасының заң актілерінде, Кредиттік серіктестіктің құрылтай және өзге де құжаттарында белгіленген өз міндеттерін бұзған, Кредиттік серіктестіктің алдында өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ Кредиттік серіктестікке зиян келтірген жағдайда, серіктестік жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес ондай қатысушының үлесін сот арқылы мәжбүрлеп сатып алуды және оның қатысушылар қатарынан шығуын талап етуге құқылы.

2.16. Қатысушының үлесі оның мұрагерлеріне ауысады. Үлестің мұрагерлерге ауысуы және оны бірнеше мұрагерлер арасында бөлу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргіледі.

2.17. Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталы үлестің ауысуына және қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты өзге мәселелер қолданылып жүрген заңнамаға қатаң сәйкестікте шешіледі.

3-БАП. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Кредиттік серіктестік-жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қатысушыларының кредиттерге және басқа да қаржылық, оның ішінде банктік қызметтерге олардың ақшаларын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға.

Кредиттік серіктестік микроқаржы қызметін жүзеге асыратын коммерциялық ұйым болып табылады.

3.2. Кредиттік серіктестігі заңды тұлға болып табылады, оқшау мүлігі, жеке балансы бар және толық шаруашылық есеп негізінде әрекет жасайды, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алып жүргізеді және жауап береді, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

3.3. Кредиттік серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздері енгізген міндетті салымдар мен қосымша жарналардың құны шегіндегі кредиттік серіктестіктің қызметіне байланысты шығындардың тәуекелін өз мойнына алады.

3.4. Кредиттік серіктестік мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сәйкесінше мемлекет те кредиттік серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, кредиттік серіктестік немесе мемлекет осындай жауапкершілікті өз мойнына алған жағдайды қоспағанда.

3.5. Кредиттік серіктестіктің жұмыс тәртібі қатысушылардың Жалпы жиналысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктің ішкі ережелерімен белгіленеді. Кредиттік серіктестіктің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

4-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

4.1. Кредиттік серіктестігінің мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай-ақ Кредиттік серіктестігінің жеке балансында құны көрсетілетін өзге де мүлік құрайды.

4.2. Мүлік Кредиттік серіктестіктің меншік құқығына жатқызылады және Кредиттік серіктестігіне түскен табыстардан, қатысушылардың міндетті салымдары мен қосымша жарналарының есебінен, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қалыптасады.

5-БАП. МЕНШІКТІ ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

5.1. Кредиттік серіктестігінің меншікті капиталы жарғылық капиталдан, резерв капиталдан және басқа да арнайы құрылған қорлардан құралады.

5.2. Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталы қатысушылардың міндетті салымдарын біріктіру арқылы 1 485 150 000 (Бір миллиард төрт жүз сексен бес миллион жүз елу) теңге мөлшерінде құрылады.

5.2.1. Кредиттік серіктестікке кірген кезде төлеуге жататын қатысушының міндетті салымының ең төмен мөлшері 100 000 (Жүз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді.

5.3. Кредиттік серіктестік қатысушылары жарғылық капиталға салатын салымды тек қана ақшалай береді. Бұл жағдайда жарғылық капиталға жарналарды: заңды тұлғалар – меншікті қаражаты шегінде, жеке тұлғалар – түскен таза табысының есебінен енгізеді.

5.4. Кредиттік серіктестігі жарғылық капиталына төлем Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Кредиттік серіктестігі мемлекеттік

тіркеуден өту сәтінде қатысушылар құрылтай құжаттарда жарияланған Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына толық көлемде төлем жүргізіп болуы тиіс.

Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысымен белгілеген мерзімде өз үлесін енгізбеген қатысушы Кредиттік серіктестікке келірген шығынның орнын жабуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 353-бабына сәйкес тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті.

5.5. Кредиттік серіктестіктің жалпы жиналысының шешімі бойынша қатысушының белгіленген мерзімде енгізбеген үлесін немесе бөлігін Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген тәртіпте қалған қатысушылар арасында үлестіруге немесе үшінші тұлғаға сатуға болады.

Өзінің салымын толық енгізген қатысушы Кредиттік серіктестікке қатынасын растайтын куәлікті Кредиттік серіктестіктен алуға құқылы.

5.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кредиттік серіктестігіне толық төлем жүргізгеннен кейін жарғылық капиталын ұлғайтуға жол беріледі.

5.7. Кредиттік серіктестіктің барлық қатысушыларының салымдарын пропорционалды азайту арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кейбір қатысушылардың үлестерін немесе бөлігін өтеу жолымен Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталы азайтылады.

5.8. Жарияланған жарғылық капиталды 25 000 000 (Жиырма бес миллион) теңгеден төмен азайтуға жол берілмейді.

5.9. Микроқаржы қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында кредиттік серіктестік проблемалық активтерге провизиялар жасайды және резервтік капиталды қалыптастырады. Резервтік капиталды қалыптастыру таза кіріс сомасынан жыл сайынғы аударымдар арқылы жүзеге асырылады. Провизиялар (резервтер) - берілген микрокредит бойынша активтің амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін, берілген микрокредиттер бойынша активтер бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві, сондай-ақ берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға қатысты бағалау міндеттемесі.

Берілген микрокредиттер бойынша активтер бойынша провизиялар (резервтер) мынадай тәртіппен құрылады:

- 1) берілген микрокредиттер бойынша активтер біртекті және жеке болып жіктеледі;
- 2) берілген микрокредиттер бойынша жеке активтердің құнсыздануын бағалау жүргізіледі

Кредиттік серіктестік басқа да арнайы қорлар құруға құқылы. Таза табысты бөлу тәртібін қатысушылардың жалпы жиналысы бекітеді және айқындайды.

5.10. Әрбір қатысушының міндетті салымының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы жалпы сомаға қатынасы қатысушының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі болып табылады. Жарғылық капиталға енгізілетін салымның кез келген өзгерісі (ұлғаю немесе азаю), бір қатысушы болса да, Кредиттік серіктестіктің барлық қатысушыларының үлестерін қайта есептеуді қажет етеді.

6-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОСЫМША ЖАРНА ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

6.1. Қатысушылардың жалпы жиналысы қатысушылардың Кредиттік серіктестігі мүлігіне қосымша жарна енгізуі туралы шешім қабылдай алады.

Шешім Кредиттік серіктестіктің білікті көпшілікпен несие серіктестіктің барлық қатысқандарының даусының екітен үш қабылданады. Мұндай шешімге дауыс бермеген қатысушылар өз үлестерін (жиналысқа қатыспағандарды, дауыс бермегендер мен қалыс қалғандарды қоса) қосымша жарна енгізуге дауыс берген қатысушылардың сатып алуын талап етуге құқы бар.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлігі баланс есебінде. Үлестерін сатып алу туралы талап қойған қатысушылармен есептесу аяқталған соң ғана, қосымша жарна енгізіледі.

6.2. Жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген мерзімде барлық қатысушылар толық Кредиттік серіктестік мүлігіне қосымша жарна енгізу керек.

Жалпы жиналыстың шешімі бойынша белгіленген мерзімде қосымша жарна енгізбеген қатысушының бөлігі қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте қалған қатысушылардың арасында үлестіріледі.

Кредиттік серіктестік мүлігіне қосымша жарна енгізген қатысушы растайтын құжат алуға құқылы.

6.3. Кредиттік серіктестігі мүлігіне енгізетін қатысушылардың қосымша жарнасы жарғылық капиталдың мөлшері мен қатысушылардың үлесін өзгертпейді.

6.4. Уақиғада қатысудың тоқтат- несие серіктестікте қатысушыға қосымша жарналықтың сомасы жақтың келісімінің тағайынды мерзімдерге қайтатын, бірақ емес астам не тоқсан күн бер күннің бекі- туралы қатысудың тоқтат- несие серіктестікте. Бұл ретте айтылмыш қатысушыға, міндеттемелер алдым несие серіктестікпен бар, төлем алдым несие серіктестікпен соң шегерім бас оның бар міндеттемелердің өндіріледі.

7-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

7.1. Кредиттік серіктестік қызметінің басты мақсаты өз қатысушыларына шағын кредиттер беру бойынша қызмет болып табылады.

7.2. Кредиттік серіктестік мынадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденттерінен және бейрезиденттерінен қарыз тарту (кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан қарыз түрінде ақша тартуды қоспағанда);
- 2) өз активтерін бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау;
- 3) микрокредиттер беру жөніндегі қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
- 4) өз мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру;
- 5) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 6) ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрінде микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша арнаулы әдебиетті өткізу;
- 7) төлем агентінің және қосалқы төлем агентінің функцияларын жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасы резидент-сақтандыру ұйымдарының атынап және тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасу;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақша жүйесі агентінің функцияларын жүзеге асыру;
- 10) факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушыдан төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқықтарын сатып алу;
- 11) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;
- 12) кепілдіктерді, кепілгерліктерді және ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді беру.

7.3. Кредиттік серіктестікке осы Жарғыда көзделмеген өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

8-БАП. ТАБЫСТЫ ҮЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ ТӘРТІБІ

8.1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, резервтік капиталға аударымдарды төлегеннен және проблемалық активтерге провизиялар жасағаннан кейін кредиттік серіктестіктің таза табысы кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысында айқындалатын тәртіппен пайдаланылады.

8.2. Таза табыс пен залал Кредиттік серіктестіктің мүлкіне қатысушылар енгізген қосымша жарналарды есепке алмағанда, Кредиттік серіктестіктің қатысушылары арасында олардың жарғылық капиталдағы үлестерінің мөлшеріне барабар бөлінеді.

- 8.3. Жалпы жиналыс таза табысты үлестіру жөнінде шешім қабылдаған күннен кейін бір ай ішінде Кредиттік серіктестік ақпалай төлем жүргізу керек.
- 8.4. Жалпы жиналыс Кредиттік серіктестігі қатысушылары арасындағы үлестіруден таза табысты немесе оның бөлігін алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 8.5. Кредиттік серіктестігінің жарғылық капиталы толық төленгенше, Кредиттік серіктестік қатысушылары арасында табысты үлестіруге құқылы емес.

9-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 9.1. Кредиттік серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес құқылы:
- 1) өзінің атынан келісімдер жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықта алуға, сотта және аралық сотта талапкер және жауапкер болуға;
 - 2) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес ұйымдармен, серіктестіктермен, заңды тұлғалармен заңды актілерді, сонымен бірге айырбас, жалдау, мердігер төлемдерінің шектеусіз сомаларында қолма-қол, ақшасыз есеп айырысу нысанындағы актілерді жасасуға, сондай-ақ сауда-саттыққа және аукциондарға қатысуға, басқа да заңды актілер жасауға;
 - 3) өзінің қызметін жүзеге асыру үшін үй-жай, техника, жабдықтар, сондай-ақ жылжымалы және жылжымайтын мүлік салуға, сатып алуға, жалға алуға және беруге;
 - 4) Кредиттік серіктестігі өкілеттіктерін жүзеге асыра отырып және өз міндеттерін атқара отырып, қолданылып жүрген заңнамаға қарама-қайшы келмейтін кез келген шешімдер қабылдауға.

10-БАП. РЕЗЕРВ КАПИТАЛДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

10.1. Кредиттік серіктестіктің резерв капиталы табыс салығын төлеген соң қалатын кірістен қалыптасады.

Резерв капиталға таза табыстан аударым Құрылтайшылардың жалпы жиналысымен анықталатын мөлшерде есептегіден кейінгі бірінші тоқсан ішінде бір жылғы қаржы қызметінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Резерв капиталы мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап екі жыл ішінде жарияланған жарғылық капиталдың кемінде он бес пайызы мөлшерінде қалыптасады.

10.2. Кредиттік серіктестіктің сақтық капиталы кейіннен таза табыс есебінен орнын толтырумен Серіктестіктің шығынын жабу мақсатында пайдаланылады.

Кез келген төлемдер нәтижесінде Кредиттік серіктестіктің сақтық капиталы жарияланған жарғылық капиталдың белгіленген көрсеткішінен кем болса, Кредиттік серіктестік көрсетілген мөлшерге дейін сақтық капиталды толтыру үшін аударымдарды жаңарту керек.

11-БАП. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Жарғыны өзгерту қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Жарғыны бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу барлық қатысушылардың үштен екісінің білікті көпшілік даусымен қабылданады.

11.2. Кредиттік серіктестік Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы тіркеуші органға бір ай мерзімде хабарлауға міндетті. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған құжаттар ұсынылады.

12-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары:

- 1) Кредиттік серіктестік көрсететін қызметтердің пайдалануға;
- 2) Кредиттік серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- 3) Кредиттік серіктестіктің органдарын сайлауға және оларға сайлануға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтай құжаттарға және жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес Кредиттік серіктестіктің қызметінен кіріс алуға;

- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен Кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтатуға;
- 6) Осы жарғыда көзделген тәртіппен Кредиттік серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен тапысуға құқылы;
- 7) ҚР заңнамасы мен осы жарғыда қарастырылған несие серіктестіктері органдарының құқыған бұзушылар сот тәртібі шешімімен дауланады;
- 8) егер серіктестіктің таратушының ал- дүние-мүліктің бөлігінің, мен несиегерлермен немесе ша серіктестіктің барлық қатысқандарының келісіміне осы дүние-мүліктің бөлігі ара табиғатта кейін есептердің қалдым құнын;

Кредиттік серіктестікке қатысушылардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде және құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

12.2. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары:

- 1) Кредиттік серіктестігінің Жарғысының талаптарын, Кредиттік серіктестік органдарының шешімін орындауға;
- 2) Кредиттік серіктестік органдарына өзінің қаржылық жағдайы туралы қатысушыларды кредиттеуге қатысты шешімдер қабылдау үшін жеткілікті болатындай дұрыс ақпарат беруге;
- 3) Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына міндетті салымдар салуға және Кредиттік серіктестіктің Құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде қосымша жарналар енгізуге;
- 4) Кредиттік серіктестікте құпия болып жарияланған деректерді жарияламауға;
- 5) кемінде бір ай бұрын Кредиттік серіктестіктен өзінің шығатыны туралы Кредиттік серіктестіктің Басқармасын ескертуге;
- 6) қатысушылар Кредиттік серіктестігінің жарғылық капиталына Құрылтай шартқа қол қойған сәттен бастап Кредиттік серіктестігі мемлекеттік тіркеуден өткенге дейін төлем жүргізуі тиіс;
- 7) Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысымен белгілеген мерзімде өз үлесін енгізбеген қатысушы Кредиттік серіктестікке келірген шығынның орнын жабуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 353-бабына сәйкес тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті;
- 8) Басқармаға атауы, орналасқан жері, мекенжайы, банктік реквизиттары (егер қатысушы заңды болып табылса) немесе есімі, тұрғылықты жері және осы құжаттар, жеке куәлігі (егер қатысушы жеке тұлға болып табылса) өзгергені туралы жазбаша хабарланады.

Кредиттік серіктестікке қатысушылардың құрылтай құжаттарда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттері болуы мүмкін.

**13-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІ БАСҚАРУ
КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫ**

Кредиттік серіктестіктің органдары:

- 1) Жоғары органы – Қатысушылардың жалпы жиналысы (жалпы жиналыс).
- 2) Атқарушы органы - Кредиттік серіктестіктің Басқармасы.
- 3) Бақылаушы органы – Тексеру комиссиясы (ревизор) болып табылады.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

13.1. Қатысушылардың жалпы жиналысы Кредиттік серіктестіктің жоғарғы органы болып табылады, оның айрықша құзыретіне:

- 1) Кредиттік серіктестігінің жарғылық капитал көлемін өзгерту, орналасқан жерін және фирмалық атауын және жаңа редакциядағы Жарғыны бекітуді қосқанда, Кредиттік серіктестігінің Жарғысын өзгерту;
- 2) Кредиттік серіктестігінің атқарушы органын құру және оның құзыретінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сонымен бірге Кредиттік серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру және осы тапсырудың шарттарын белгілеу;

- 3) Кредиттік серіктестігінің тексеру комиссиясын (ревизор) сайлау немесе мерзімінен бұрын құзыретін тоқтату, сондай-ақ тексеру комиссиясының (ревизор) есеп берулері мен қорытындыларын бекіту;
- 4) Кредиттік серіктестігінің қайта ұйымдастыру немесе таратылуы туралы шешім;
- 5) Кредиттік серіктестіктің жарғысында бекіту кредиттік серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, операция жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларды, микрокредиттер беру қағидаларын, ішкі кредиттік саясат, есеп саясаты, салықтық есепке алу саясаты туралы ережелерді, кредиттік комитет, тексеру комиссиясы (тексеруші) туралы ережелерді, кредиттік серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды және басқа да құжаттарды бекіту;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кредиттік серіктестік қатысушысының үлесін мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешім;
- 7) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- 8) жылдық қаржылық есепті бекіту және оның таза кірісін үлестіру;
- 9) Кредиттік серіктестіктің мүлігіне қосымша жарна енгізу туралы шешім;
- 10) Кредиттік серіктестіктің барлық мүлігін кешілге салу туралы бірауыздан қабылданатын шешім;
- 11) Нәтижесінде кредиттік серіктестік активтер құнының жалпы көлемінен бағасы жиырма бес және одан артық пайыз құрайтын мүлікті иеленетін немесе шеттетін мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау;
- 12) Жарғылық капиталынан көлемі жиырма бес және одан астам пайыз құрайтын сомаға кредиттік серіктестіктің міндеттемелерін ұлғайту;
- 13) Кредиттік серіктестік қызметінің бағыттарын бекіту;
- 14) Кредиттік серіктестіктің кредиттік және инвестициялық саясатын белгілеу;
- 15) Басқарма мүшелерінің, тексеру комиссиясының (ревизордың) және кредиттік серіктестіктің басқа да қызметкерлерінің төленетін еңбекақысы мөлшерін белгілеу;
- 16) Қатысушылардың қосымша жарна енгізу және шығару тәртібін белгілеу;
- 17) Активтерді есептен шығару тәртібін белгілеу;
- 18) Қатысушылардың кредиттік серіктестікке қабылдану және одан шығару тәртібін белгілеу;
- 19) Жылдық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті бекіту;
- 20) Есепке алу саясатын қалыптастыру;
- 21) Кредиттік серіктестіктің лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту;
- 22) Несие серіктестіктерінің қызметі туралы ақпараттарды сатып алушылардың үлесі мен несие серіктестіктеріне қатысушыларға ұсыну және мерзімі мен тәртібін бекіту;
- 23) Туралы серіктестіктің қатысушының шешім өзге сарамжал-саран серіктестіктерде, ал олай ғой коммерциялық емес ұйымдарда;
- 24) Туралы қосымша жарналықтың енгізуінде шешім серіктестіктің дүние-мүлігіне сәйкес мен қолданыстағы заңнамамен.

Кредиттік серіктестік қатысушысы жалпы жиналыста шешім қабылдағанда кредиттік серіктестіктің жарғылық дауыс санына береді.

Қатысқандардың ортақ жиналысының тышымдары білікті көпшілікпен Кредиттік серіктестіктің барлық қатысқандарының даусының екітен үш қабылданады.

13.2. Жалпы жиналыс өзінің айрықша құзыретіне жататын өкілеттіктерді Кредиттік серіктестік басқармасына беруге құқылы. Қатысушылардың жалпы жиналысы белгіленген өкілеттігінен тәуелсіз Кредиттік серіктестігінің қызметімен байланысты кез келген мәселені қарастыруға құқылы.

13.3. Жалпы жиналыс, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес қатысушылардың кезекті немесе кезектен тыс жалпы жиналысы ретінде шақырылады.

Қатысушылардың кезекті жалпы жиналысы Кредиттік серіктестігінің Басқармасымен жылына кемінде бір рет шақырылады. Кредиттік серіктестіктің жылдық

қаржылық есеп беруін бекітуге арналған жиналыс есептік қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірмеуге тиіс.

Кредиттік серіктестік қатысушыларының кезектен тыс (төтенше) жалпы жиналысы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Кредиттік серіктестік мүддесі осындай жиналыс шақыруды қажет ететін кез келген өзге жағдайларда шақырылады. Кредиттік серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын атқарушы орган өз бастамасы бойынша, сондай-ақ Кредиттік серіктестік тексерушісінің талабы бойынша немесе дауыстардың жалпы санының кемінде жиырма бес пайызының жиынтығына иелік ететін Кредиттік серіктестік қатысушыларының бастамасы бойынша шақырады. Таратылу процесіндегі Кредиттік серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жиналысын тарату комиссиясы (таратушы) шақыра алады.

Қатысушылардың жалпы жиналысты өткізу туралы хабарламасы кредиттік серіктестіктің қатысушысына тапсырысты хатты, телефонограмманы, ұялы байланыс немесе электрондық пошта арналары арқылы қысқа мәтіндік хабарламаларды жіберу арқылы, сондай-ақ хабарламаны тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, кемінде 10 жұмыс күні бұрын жеке өзі тапсырылады жалпы жиналыс өткізілетін күндер.

Кредиттік серіктестің ішкі қызметіне жататын мәселесі бойынша жалпы жиналыс кредиттік серіктестің басқа да органның шешімін жоюға құқылы.

БАСҚАРМА

13.4. Кредиттік серіктестігі Басқармасы қатысушылардың жалпы жиналысымен сайланады және Кредиттік серіктестігінің ағымдағы қызметіне басшылық жүргізеді.

Кредиттік серіктестігінің Басқармасы жыл сайын Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысында жұмысының нәтижелері жөнінде есеп береді.

13.5. Кредиттік серіктестігі Басқармасының өкілеттіктері:

- 1) есеп, салық, кредит және инвестициялық саясатты, ішкі кредит саясаты туралы ережелерді, Кредит комитеті, тексеру комиссиясы (тексеруші) туралы ережелерді, операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді, микрокредиттер беру ережелерін, кредиттік серіктестіктің ішкі ережелерін бекітуге қатысты ұсыныстарды дайындау және кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының қарауына енгізу;
- 2) жылдық кіріс және шығыс сметасын әзірлеп, ұсынады, оның атқарылуы туралы есеп береді;
- 3) жылдық қаржы есебін әзірлеп, ұсынады;
- 4) штаттық кесте мен қызметкерлердің еңбекақы мөлшерін белгілейді;
- 5) Кредиттік серіктестігіне қатысушыларды қабылдау және шығару мәселесі бойынша құжаттарды дайындайды және Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысына күн тәртібіне енгізеді;
- 6) мынадай Кредиттік серіктестіктің мынадай ішкі нормативтік құжаттарын бекіту:
 - Кредиттік серіктестіктегі кредиттеу рәсімі;
 - Кредиттік серіктестіктің өнім бағдарламалары бойынша кредит беру шарттары;
 - Кредиттік серіктестік кредиттерін әкімшілендіру рәсімі;
 - Кредиттік серіктестіктің берілген кредиттеріне мониторинг жүргізу әдістемесі;
 - Кредиттік серіктестіктің проблемалық қарыздары бойынша несиелік берешекті өндіріп алу рәсімі;
 - Кредиттік серіктестік қатысушыларының қаржылық жай-күйін айқындау әдістемесімен кредиттік серіктестіктің кредиттері бойынша күтілетін залалды айқындау ережесі;
 - Кредиттік серіктестіктің іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық;
 - Кредиттік серіктестік қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу ережесі;
 - Кредиттік серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
 - Кредиттік серіктестікте бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі;
 - Кредиттік серіктестіктің кепіл саясаты;

- кешілмен қамтамасыз ету бойынша Кредиттік серіктестік маманының жұмысы бойынша әдістемелік нұсқау;
- Кредиттік серіктестіктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережесі;
- проблемалық қарыздар бойынша берешекті өтеу есебіне Кредиттік серіктестіктің балансына қабылданған мүлікті ұстау, пайдалану, жалға беру және сату жөніндегі нұсқаулық;
- Кредиттік серіктестікте микрокредит беру туралы шарттардың және кредиттік серіктестікте кредиттік желі ашу туралы келісімнің үлгі нысандары;
- Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған, Кредиттік серіктестіктің қызметін реттейтін Кредиттік серіктестіктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын (ережелерді, қағидаларды, рәсімдерді, нұсқаулықтарды, әдістемелер мен басшылықтарды) бекіту;

6-1) Кредит беру лимитін қатысушылар арасында үлестіру;

7) Кредиттік серіктестігінің ағымдағы қызметіне байланысты және Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кірмейтін басқа өкілеттіктерді жүргізеді.

13.6. Кредиттік серіктестіктің Басқармасы жеке-дара орган бола алмайды, оның мүшелер саны тақ сан болады, бірақ үштен кем емес болуға тиіс кемінде үш адамнан тұрады. Басқарманы төраға басқарады, ол Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысымен сайланады.

Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша төраға және (немесе) басқарма мүшелері Кредиттік серіктестігіне қатысушы болмайтын тұлғалардан сайлануы ықтимал. Бұл жағдайда Басқарма құрамында Кредиттік серіктестігінің бір немесе бірнеше қатысушысы болуы тиіс.

13.7. Басқарманың отырысы қажетіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі.

Егер отырысқа басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Бол өзінің қарауына енгізілген мәселелерді шешуге құқылы. Шешім отырысқа қатысушы Басқарма мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады.

13.8. Басқарма Төрағасы, бас бухгалтер Кредиттік серіктестікке басшылық жүргізетін қызметкерлер болып табылады.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

- 1) Кредиттік серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 2) Кредиттік серіктестіктің мүддесін қорғайтын құқық беретін сенімхаттарды, қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттарды береді;
- 3) Кредиттік серіктестігінің Кредиттік серіктестігі Басқармасының мүшесі болып табылмайтын қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар береді, еңбекақы төлеу жүйесін, лауазымды жалақыларды және дербес қосымша ақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы берудің мәселелерін шешеді, ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазаны белгілейді;
- 4) Кредиттік серіктестігінің мүлкі мен ақшасына қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес билік жасайды, Кредиттік серіктестігін Қазақстан Республикасындағы және одап тысқары жерлердегі барлық ұйымдарға ұсынады, сенімхаттар береді, келісімге, өзге де мәмілелер мен міндеттемелерге қол қою тәртібін белгілейді;
- 5) қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Кредиттік серіктестік қызметін қамтамасыз-ету мәселелерін шешеді;
- 6) Кредиттік серіктестігі Басқармасының хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады;
- 7) Кредиттік серіктестігі қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 8) Кредиттік серіктестігі атқару органының орынбасарлары мен мүшелері арасында міндеттемелерді бөледі;

9) Заңнамамен немесе осы Жарғымен қатысушылардың жалпы жиналысының немесе Кредиттік серіктестігі органдарының құзыретіне жатқызылмаған, сондай-ақ Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысы оған берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестігі атқарушы органының басшысы болмағанда, оның функцияларын орынбасар немесе осы міндеттемелерді орындау жүктелген тұлға орындайды.

ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (РЕВИЗОР)

13.9. Кредиттік серіктестігінде тексеру комиссиясы (ревизор) болу қажет. Кредиттік серіктестігінің төрағасы мен басқарма мүшелері, Несие комитетінің мүшелері, отбасы мүшелері мен туысқандары тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

13.10. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген мәселелерден қатар тексеру қызметінің құзыретіне жатады:

1) Кредиттік серіктестігімен, оның органдарымен және лауазымды тұлғаларымен жасалып жатқан операциялардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Кредиттік серіктестігінің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін кезеңдік жоспарланған, жоспардан тыс тексеру өткізу жолымен анықтау;

2) Кредиттік серіктестігінің қызметін жақсарту бойынша Кредиттік серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысы мен Басқармасына ұсыныстар беру.

13.11. Қатысушылардың жалпы жиналысы Кредиттік серіктестіктің жылдық қаржылық есебін бекіткенше тексеруші міндетті түрде тексеру жүргізеді. Кредиттік серіктестіктің жылдық қаржылық есебін, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы ахуалын тексеру және дұрыстығын растау үшін Кредиттік серіктестіктің мүліктік мүдделері Кредиттік серіктестікпен, Кредиттік серіктестік Басқармасымен немесе қатысушылармен (сыртқы аудит) байланысты емес кәсіби аудиторды қатыстыруға құқылы.

Жалпы жиналыс тексеру комиссиясының (ревизордың) қорытындысынсыз жылдық қаржылық есептілікті бекітуге құқылы емес. Тәуелсіз аудитор Кредиттік серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін тартылған жағдайда, жалпы жиналыс жылдық қаржылық есептілікті осы аудитордың қорытындысынсыз бекітуге құқылы емес. Тексеруші Кредиттік серіктестігі атқару органының қаржы-шаруашылық қызметіне кез келген уақытта тексеру жүргізуге құқылы. Бұл мақсат үшін тексеруші Кредиттік серіктестігінің кез келген құжатына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие болады. Тексерушінің талабы бойынша Кредиттік серіктестігінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсінік беруге міндетті.

13.12. Кредиттік серіктестігі тексерушісінің жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына, сондай-ақ Кредиттік серіктестігінің ішкі қызметін реттейтін ережелерге және өзге құжаттарға сәйкес белгіленеді.

14-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАРАЖАТЫН ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

14.1. Ұлттық валюта ақшасымен құралатын және төленетін несие серіктестіктің бастапқы жарғылық капиталы қатысушылардың міндетті салымдардарының сомасына тең. Әрбір қатысушының міндетті салымының Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы жалпы сомаға қатынасы қатысушының Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі болып табылады.

14.2. Жарғылық капитал келесі түрде орналастырылып, пайдаланылуы мүмкін:

- 1) екінші деңгейдегі банктердің депозит шоттарында;
- 2) Кредиттік серіктестігінің қызметін жүргізу үшін негізгі қор сатып алу;
- 3) Несие серіктестігінің қатысушыларын несиелендіру үшін қаражат болу;
- 4) кейіннен таза табыс есебінен орнын толтыру шартымен Кредиттік серіктестігінің өкілдік шығындары.

14.3. Кредиттік серіктестігінің несие ресурстары банктік операциялардың кейбір түрлерін жүргізетін ұйымдармен және жергілікті бюджетпен бөлінетін қаражат тарту есебінен қалыптасады. Түскен несие ресурстары Кредиттік серіктестігі қатысушыларын мақсатты несиелендіру үшін пайдаланылады.

15-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕГІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ

15.1. Кредиттік серіктестік өзі жүргізетін операцияларды есепке алуды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есебі туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Кредиттік серіктестіктің есепке алу саясатын оның жалпы жиналысы айқындайды. Кредиттік серіктестік бухгалтерлік есепке алу және есепті құруда пайдаланылатын құжаттардың қатаң түрде есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Салық және басқа есептілік Кредиттік серіктестікпен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте беріледі.

15.2. Кредиттік серіктестіктің қызметін жыл сайынғы тексеру тексеруді Кредиттік серіктестіктің тексеру комиссиясы (ревизоры) жүзеге асырады. Кредиттік серіктестіктің тексеру комиссиясы (ревизоры) растағаннан кейін жылдық балансты және кірістер мен шығыстар туралы есепті қатысушылардың жалпы жиналысы бекітеді.

15.3. Тексеру комиссиясы (ревизор) жүргізетін тексеру тексерісінен басқа, тәуелсіз аудиторлық ұйым жүргізетін сыртқы аудит жүргізілуі мүмкін. Сыртқы аудитті жүргізу қатысушылардың жалпы жиналысының тапсырмасы бойынша, кредиттік серіктестіктің өз бастамасы бойынша немесе салымдары жиынтығында кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының жиырма бес процентінен асатын қатысушылардың талап етуі бойынша жүзеге асырылады.

15.4. Кредиттік серіктестік қаржылық жалдық есепті Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес тәртіпте, мерзімде әзірлеп, тапсырады және олардың дұрыстығына Кредиттік серіктестік жауап береді.

16-БАП. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АҚПАРАТ БЕРУ

16.1. Кез келген қатысушылардың талабы бойыншанесие серіктестіктері сұрау алған күннен кейін 30 күн ішінде оған несие серіктестіктерінің қызметі туралы ақпарат және талап етілген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

16.2. Қазақстан Республикасының заңнамалары сәйкес коммерциялық құпия болып табылмайтын құжаттар көшірмелері және несие серіктестіктері қызметі туралы ақпаратты 30 күн ішінде несие серіктестіктері тұтынушылардың үлесін жазбаша сұрауы бойынша береді.

Кез келген қатысушының талабы бойынша Кредиттік серіктестік өтініш келгеннен кейін отыз күн ішінде сұралған құжаттарды тапсыруға міндетті.

16.3. Кредитное серіктестік ша талап өзінің қатысқандарларының жібер- туралы серіктестіктің қызметінің ақпаратты міндетті, ти- оның қатысқандарының мүдделерін.

Ақпаратпен, сарамжал-саран серіктестіктің қатысқандарының мүдделерін тиемін мойынға алады байқаушы кеңестің:

- 1) шешімнің, қабылда- ортақ жиналыспен қатысқандар серіктестік, атқарушы органның, серіктестіктің ревизиялық комиссиясының(тексерушінің) және ақпарат ша орындау қабылда- шешімде;
- 2) ал заемнің серіктестікінің және болса жиырма бес пайызды серіктестіктің меншікті қаржысының өлшемінен жасаушы өлшемде;
- 3) істеірі мәміленің немесе ілікте мәміленің құрамының серіктестікімен ара арасында, ара нәтиже нешінші (нешінші) немесе бөгделен- дүние-мүлік, және астам жиырма бес пайызды от серіктестіктің меншікті қаржы өлшем жасаушы сома сатып алатын;

- 4) қызметтің түрлері (немесе) және нақтылы әсерлердің іске асыруы қызметтің түрлері (немесе) және нақтылы әсерлердің іске асыруы, тоқтату немесе тоқтатылу оларды әсерлері, жүзеге асыруға Кредиттік серіктестік бұрын алған лицензияларының айыруы жүзеге асыруға лицензияларының Кредиттік серіктестігімен алу қаңдай болмасын қаңдай болмасын;
- 5) Кредиттік серіктестіктің мүлікке тыйым салуы;
- 6) баланстық құны он немесе пайыздардың қоғамның активтерінің ортақ өлшемінен көпті құрайтын Кредиттік серіктестіктің дүниесі нәтижеде жойылған өте сипат алып жүрген жағдайлардың шабуылы;
- 7) Кредиттік серіктестіктің тартуы (немесе) және әкімшілік жауапкершілікке оның лауазымды тұлғалары;
- 8) Кредиттік серіктестіктің ықтиярсыз қайта ұйымдастыруы туралы шешім;
- 9) (оның бар болуында) аудиторлық есептеу нәтижесі;
- 10) бірлескен дау бойынша істің сотында қоздыру туралы мәлімет;
- 11) Кредиттік серіктестіктің жарғысымен сәйкес Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының мүдде тиетін басқа мәлімет.

17-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

17.1. Кредиттік серіктестіктің қызметі келесі жағдайларда тоқтайды:

- 1) мерзімнің өтуі бойынша немесе үшін жасалған мақсатқа жетулер;
- 2) қатысушылардың арасындағы келісім бойынша;
- 3) банкротты Кредиттік серіктестіктің мойындаулары жағдайда;
- 4) Егер жарлық капиталдың өлшемі қолданыстағы заң қойылған ең кішкене размер төменде азайса;
- 5) егер қатысушылар Кредиттік серіктестіктің жарлық капиталы қолданыстағы заң қойылған мерзімдерде құрастырмаса.

17.2. Кредиттік серіктестіктің қызметінің тоқтатылуын айғақ сол реттегі мәрде, сонымен қатар оның мекемесі мемлекетпен тіркелін жариялайды.

17.3. Кредиттік серіктестіктің қызметінің тоқтатылуы оның (араласып кету, қосу, бөліну, ерекшелеу, өрнектеу) қайта ұйымдастыруы немесе жоюды формада іске асады.

17.4. Кредиттік серіктестіктің қайта ұйымдастыруы негізде іске асады және қолданыстағы заң, және осы жарғының жиналыс нақтылы жағдайды сақтауы бар қатысушыларының формасы бойынша.

17.5. оның құқығының Кредиттік серіктестігі және міндеттің қайта ұйымдастыруларының жанында құқық қолданушыларға өтеді

17.6. Кредиттік серіктестіктің жоюын ретпен қолданыстағы заңмен және осы жарғымен анықталады.

17.7. Тарату комиссиясы белгіленеді:

- 1) қатысушылардың жиналысының шешімі бойынша Кредиттік серіктестіктің жоюларының жанында - жиналыстың шешімі;
- 2) Кредиттік серіктестігін сот шешімі бойынша тарату кезінде – ҚР ҚМ дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Басқармасының шешімімен.

17.8. тарату комиссиясы директор уақытша алмастырады оның қызметінің аяқтауына Кредиттік серіктестіктің жоюы бастады.

Тарату комиссиясының заңға сүйенген мәртебесі директордың заңға сүйенген мәртебесіне ұқсас. Тарату комиссиясына директор үшін нақтылы Кредиттік серіктестіктер жарғының нормаларын қолданылады.

17.9. Кредиттік серіктестік заңды тұлғаның құқығын жоғалтады және мемлекеттік тіркеудің моментінен өз болу тоқтатқан оның қайта ұйымдастыруы немесе жою болып есептеледі.

18-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18.1. Осы жарғының жағдайының бірі егер жарамсыз бола бастау, онда бұл жарғының өңге жағдайлары тиіспейді. Жарамсыз жағдай жақын жағдайдың мүмкін заңға сүйенген қатынаста ауыстырылады.

18.2. Қарама-қайшы емес Қазақстан республикасының қолданыстағы заңдары өзгеріс және қосымшалар қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша осы жарғыға енгізіле алады.

19-БАП. КҮШІНЕ ЕНУІ

19.1. Осы жарғы қатысушылардың жалпы жиналысымен бекітілген және Несие серіктестік басқарма төрайымы қолын қойған сәттен бастап күшіне енеді. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, оларды жарғыға енгізіп, қатысушылардың жалпы жиналысымен бекітілген және Несие серіктестік басқарма төрайымы қолын қойған кезден бастап күшіне енеді.

20-БАП. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

1. «Сей-Нар» ЖШС

директор атынан Абдыкалыков Ербол Алимканович

2. «Элеватор» ЖШС

директор атынан Окасов Архат Оралбекович

3. «Защитинский элеватор» ЖШС

директор атынан Мурадов Юсуф Шавалатович

4. «КРУПЫ ВОСТОКА» ЖШС


директор атынан Балкаш Исмаил

5. «Глубокое-АгроКредит» НС» ЖШС атынан

басшы Кызбаев Едил Еркинович

6. «Ново-Ильинское» ЖШС атынан

басшы Бояндинов Адылкан Уразалинович



на ЗС (мусульман) местях

